

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

26.06.2021 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№19

город Алматы

**Алматы қаласының аумағында
коронавирустық инфекцияның
одан әрі таралуына жол бермеу
жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі кодексінің 38-бабы 1-тармағының 7 тармақшасына, 104-бабы 7-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы» 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №612 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының және мутацияланған штаммдардың (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес «ASHYQ» жобасының қатысушысы болып табылмайтын/болып табылатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттары бекітілсін.

2. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, Алматы қаласы бойынша «Атамекен» ӨКП (келісім бойынша), құқық қорғау және арнайы органдар, мекеме басшылары қамтамасыз етсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес өлшемшарттар бойынша «ASHYQ» жобасының қатысушылары болып табылмайтын/болып табылатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын;

2) кәсіпкерлік объектілеріндегі қатысушылар санын арттыра отырып «ASHYQ» жобасын іске асыруды жалғастыруды, «ASHYQ» жобасына сауда-ойын-сауық орталықтарын, сауда үйлерін, азық-түлік емес базарларды және басқа да шағын орта бизнес объектілерін қосуды;

3) әкімдіктердің сайтында «ASHYQ» жобасына қатысушылар, оның ішінде ерікті қатысушылар туралы ақпаратты орналастыруды;

4) әлеуметтік-экономикалық объектілерді, оның ішінде «ASHYQ» жобасына қатысушыларды мониторингтік топтармен бақылауды күшейтуді;

5) «ASHYQ» жобасына қатысушылар (кәсіпкерлік субъектілері) арасында бірнеше рет құқық бұзғандарды жобадан шығаруды;

6) коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялау және жобаға қатысатын кәсіпкерлік объектілеріне кіру үшін AppStore және PlayMarket қосымшалары арқылы жүктеуге қолжетімді «ASHYQ» мобильді қосымшасын пайдалану қажеттілігі туралы халықпен белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді;

7) COVID-19-ға қарсы вакцинацияланған адамдар үшін ынталандыру шараларын енгізуді жалғастыруды (*қоғамдық орындарға шектеусіз бару; ҚР-ға ПТР тестісіз кедергісіз кіру; біржолғы ынталандыру төлемдері (сыйлықақы, үстемеақы, бонустар), түрлі акциялар өткізу*);

8) тұрғындардың қоғамдық орындарға және қызметіне рұқсат етілген объектілерге барғанда, қоғамдық көлікте жол жүру кезінде, сондай-ақ қоғамдық орындарда ашық ауада болған кезде (5 жасқа дейінгі балаларды және ашық ауада спортпен айналысқанды қоспағанда) маска киюге, әлеуметтік арақашықтықты сақтауға және антисептиктерді қолдануға қатысты қойылатын талаптарды сақтауын;

9) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік, ұлттық табиғи парктерге, қорықтарға, резерваттарға және басқаларына) баруға 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдасқан топтарға маска режимі мен кем дегенде 1,5 метр арақашықтықты сақтаған кезде рұқсат беруді;

10) төтенше жағдайлар кезін қоспағанда, қатысушыларда COVID-19 -ға қарсы құжатпен расталған вакцинация болған және соңғы 6 айда ауырып жазылған жағдайда, күндізгі режимде жиналыстарды (отырыстарды) өткізуге рұқсат етуді;

11) «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы» РМҚК қызметіне рұқсат беруді;

12) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беруді;

13) жаппай маска режимін, қоғамдық көлікті, таксиді, метроны, әуежайларды, т/ж және авто - вокзалдарды, аула балалар алаңдарын, азық-түлік және азық-түлік емес базарларды және басқа да қоғамдық орындарды профилактикалық дезинфекциялық өңдеуді қамтамасыз етуді;

14) коронавирустық инфекцияның белсенді ошақтары бар үйлердегі аулалар мен квартал ішіндегі балалар алаңдарын, кіреберістер мен лифтілерді, соңғы аялдаманың кіреберісіндегі әр қоғамдық көліктерді күнделікті дезинфекциялауды;

15) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМҚ Алматы қаласындағы филиалы COVID-19 бойынша оң нәтижелері болған сынамаларды мутацияланған штамдарды анықтау үшін МРК зертханасына жіберуді;

16) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМҚ «Алматы қаласы бойынша дезинфекция орталығы» филиалы науқастың ауруханаға жатқызылуына қарамастан, жаңадан тіркелетін коронавирустық инфекция ошақтарында лифтілерді, баспалдақ алаңдарын және лифтіге дейін және лифтіден кіреберістен шығуға дейінгі маршруттарды қамти отырып; лифт болмаған жағдайда - КВИ-мен ауыратын науқастың пәтерінен кіреберістен шығуға дейінгі баспалдақ алаңдары мен маршруттарды 1 реттік қорытынды дезинфекциялауды қамтамасыз етсін;

17) COVID-19 қарсы вакцинацияның толық курсы алғандығы туралы құжаттық дәлелдері бар және COVID-19-бен соңғы 3 ай ішінде ауырып жазылғандарды қоспағанда, мемлекеттік органдардың қызметкерлерін (әкімдіктер мен олардың құрылымдық бөлімшелері, мониторингтік топтардың мүшелері, прокурорлар, полиция, Алматы қаласының төтенше жағдайлары қызметі, аймақтық бөлімшелерімен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі, ұлттық қауіпсіздік, соттар, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, әлеуметтік қорғау), сондай-ақ мүгедектерге күтім жасайтын еріктілер мен әлеуметтік қызметкерлер (ұсынылған әкімдіктердің тізімдері бойынша), мәйітхана

қызметкерлері мен сот-медициналық сарапшылар), ай сайынғы 1 - профилактикалық мақсаттағы зертханалық тексеруден өткізуді;

18) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №19 «Қазақстан Республикасына Үндістаннан коронавирустық инфекцияның әкелінуінің алдын алу жөніндегі шараларды күшейту туралы» және 2021 жылғы 16 мамырдағы №21 «Қазақстан Республикасына Мальдив аралдарынан коронавирустық инфекцияның әкелінуінің алдын алу жөніндегі шараларды күшейту туралы» қаулыларының орындалуын;

19) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №20 қаулысымен енгізілген Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулыларына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларын орындауды және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 22.05.2021 ж. № 22 және 11.06.2021 ж. №28 қаулыларының орындалуын;

20) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №17 қаулысымен енгізілген Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулыларына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың орындалуын.

3. Меншік нысанына қарамастан, зертханалар COVID-19-ға ПТР-тестілеу нәтижелері бойынша мәліметтерді зертханалық ақпараттық жүйелерге уақтылы енгізуді және оларды «Ұлттық сараптама орталығы» бірыңғай ақпараттық порталында (ҰСО БАП) беруді қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық басқармасы қамтамасыз етсін:

- халықты көшпелі егу бригадаларымен вакцинациялауды салқындату тізбегі және шокқа қарсы терапия препараттарымен қамтамасыз ете отырып жүргізуді.

5. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 18.06.2021 жылғы №18 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы қаулы 2021 жылғы 28 маусымнан бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекшин

Алматы қаласының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы
26 маусымдағы № 19 қаулысына
1 - қосымша

«ASHYQ» жобасының қатысушысы болып табылатын/болып табылмағанын,
әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемдері

№	«ASHYQ» жобасының қатысушылары емес	«ASHYQ» жобасының қатысушылары
1.	Объектілер/салалар	Объектілер/ салалар
2.	<p>Қызыл аймақ шектеу критерийлері</p> <p>жұмыс күндері 7.00 ден 20.00 дейін толттырылуы 50%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай, сенбі және жексенбі тыйым салынады, тек қана алып шығу және жеткізуге рұқсат</p>	<p>Қызыл аймақ шектеу критерийлері</p> <p>Мейрамхана, кафе және кофеханалар типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)</p> <p>толттырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағ 07.00 ден 02.00 дейін жұмыс істеуге рұқсат</p>
3.	<p>Жазғы аландар</p> <p>толттырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан</p>	<p>Жазғы аландар</p> <p>толттырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан</p>

		асырмай сағ 07.00 ден 22.00 дейін жұмыс істеуге рұқсат		асырмай сағ 07.00 ден 02.00 дейін жұмыс істеуге рұқсат
4.	Фуд-корттар	-	Фуд-корттар	толтырылуы 20%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай сағ 10.00 ден 22.00- ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
5.	Асханалар типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері	06.00 ден 24.00 дейін		жобада жоқ
6.	Стрит-фудтар (жеке тұрған палық / ларек / отыратын орны жоқ дүңгіршек)	+		жобада жоқ
7.	Банкет залдары	-	Банкет залдары (ас беру)	бір адамға кемінде 4 ш. м., бірақ 30 адамнан аспайтын аланмен қамтамасыз етілген, толтымдылығы 30%-дан аспайтын жағдайда 7.00- ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат беру
			Банкет залдары (мейрамханалар дәмханалар типі бойынша)	толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан

			кызмет көрсету)	асырмай сағ 07.00 ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
8.	Моншалар	+	жобада жоқ	
9.	Сауналар	(сенбі, жексенбіден басқа)	Сауналар	+
10.	СПА орталықтары,	(сенбі, жексенбіден басқа)	СПА орталықтары,	+
11.	бассейндер	(сенбі, жексенбіден басқа)	Бассейндер	+
12.	Спорт кешендері, спорттық- сауықтыру орталықтары және йога орталықтарын қоса алғанда фитнес-орталықтар	(сенбі, жексенбіден басқа)	Спорт кешендері, спорттық- сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар, йога-орталықтар	+
13.	Мәдениет объектілері (репетиция)	—	Мәдениет объектілері (репетиция)	30 адамға дейін
14.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	—	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар	толымдылығы 30%-дан артық емес
15.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	—	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	толымдылығы 75% - дан, бірақ 15 адамнан аспайтын кезде
16.	Қалалық тұрақты емес	—	Қалалық тұрақты емес	толымдылығы 75% - дан,

(туристік) тасымалдар		(туристік) тасымалдар	бірақ 15 адамнан аспайтын кезде
17. Бильярд бөлмелері	-	Бильярд бөлмелері	толтырылуы 30%-дан артық емес кезде сағ 12.00 ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
18. Компьютерлік клубтар	-	Компьютерлік клубтар, соның ішінде PlayStation клубтары	толтырылуы 30%-дан артық емес кезде сағ 12.00 ден 02.00-ге дейін 12 жасқа толған және одан асқан адамдарға ғана кіруге рұқсат
19. Боулинг	-	Боулинг	толтырылуы 30%-дан көп емес сағ 12.00 ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
20. Пирктер	-	Пирктер	толымдылығы 30%-дан артық емес
21. Караоке	-	Караоке	толтырылуы 50% - дан аспайтын, бірақ 30 адамнан аспайтын 7.00-ден 02.00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат
22. Океанариум	-	Океанариум	топтық экскурсияларға жіберу (15 адамнан артық

					емес)
					бір адамға 6 ш. м. кем емес, бірақ бір уақытта 150 келушіден артық емес ағанды қамтамасыз ету кезінде толымдылығы 70% артық емес
23.	Көрмелер	–	Көрмелер		
24.	Көрермендермен спорттық іс-шаралар өткізу	–	Марафондар (ашық ауада) Жабық көрермендерсіз спорттық іс-шаралар	30 адамнан артық емес	+
25.	Лотерея клубтары және лотереяны өткізудің өзге де нүктелері	–	Лотерея клубтары және лотереяны өткізудің өзге де нүктелері	бір адамға кемінде 4 ш. м., ағанмен, бірақ 30 адамнан аспайтын жағдайды қамтамасыз ету кезінде	бір адамға кемінде 10 ш. м., ағанмен, бірақ 30 адамнан аспайтын жағдайды қамтамасыз ету кезінде
26.	Бағалар ойын-сауық орталықтары (ойын ағандары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар)	–	Бағалар ойын-сауық орталықтары (жабық), ауданы 1000 ш. м.	бір адамға кемінде 10 ш. м. ағанмен, бірақ 60 адамнан аспайтын жағдайды қамтамасыз ету кезінде	
27.	ХҚКО	9.00 ден 18.00-ге дейін	ХҚКО		+

32. Құрылыс (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда)	+	жобада жоқ
33. Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	+	жобада жоқ
34. Байланыссыз қызметтер (Автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, Тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидағы бойынша қызметтер және т.б.).	+	жобада жоқ
35. Туристік компаниялар, бизнес орталықтар (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау	+	жобада жоқ

	пункттері, ломбардтар және т. б.)			
36.	Гүл дүкендері, фотосалондар	+		жобада жоқ
37.	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	+		жобада жоқ
38.	Мұражайлар, кітапханалар	+		жобада жоқ
39.	Балалар түзету кабинеттері, балалар және ересектерге арналған білім беру орталықтары		алдын ала жазылу бойынша, топтың голтырылуы 15 адамнан артық емес кезде	жобада жоқ
40.	Судулық орталықтары мен салондары, шаптараздар, косметологиялық қызмет көрсететін маникюр мен педикюр қызметтері (жазылу бойынша)		алдын ала жазылу бойынша	
41.	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер	+		жобада жоқ
42.	Супермаркеттер, гипермаркеттер	+		жобада жоқ
43.	Азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрған)		ауданы 2000 ш. м. дейін	жобада жоқ
44.	Ашық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	+		жобада жоқ
45.	Вакцинация пунктінін		(сенбі, жексенбіден басқа)	жобада жоқ

	болуына қарамастан жабық базарлар (азық-түлік және азық-түлік емес)		
46.	Вакцинациялау пунктiнiн болуына қарамастан, жабық емес базарлар	<u>Сағат 10.00-20.00 дейiн.</u> <u>(сенбi, жексенбi күндерi</u> <u>тыйым салынады)</u>	жобада жоқ
47.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология	алдын ала жазылғу бойынша	жобада жоқ
48.	Қоғамдық көлік	(қарбалас уақытта автобустар санының көбейту, барлық есiктердiң ашу, толымдылығы отыратын орындар саны бойынша)	жобада жоқ
49.	Мектепке дейiнгi мекемелер	кезекшi топтар 15 адамнан аспайтын топтардың жинақталуын сақтаған кезде	жобада жоқ
50.	Дiни объектiлер	жабық үй-жайларда ұжымдық iс-шаралар өткiзбей	жобада жоқ
51.	Қала манындағы жолаушылар поездарының (электр пойыздарының)қозғалысы	Желдетудiң жұмыс iстеуiмен, жолаушылардың 50%-ға дейiн толғуы, маска	жобада жоқ

		режимін қатан сақталуы, соңғы аялдамада дезинфекциялау құралдарымен салонды өңдеу кезде.	
52.	Жолаушылар поездарының қозғалысы	жалпы вагондарсыз	
53.	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шарын автобустардың) автобустардың)қозғалысы	-	-
54.	СОСО, сауда үйлері, сауда желілері вакцинация пунктiнiң бар-жоғына қарамастан	<u>жұмыс күндері сағат 17.00-ге дейін (сенбі, жексенбі күндері тыйым салынады)</u>	жобада жоқ
55.	Ашық аттракциондар	+	жобада жоқ
56.	Бағаларды сауықтыру ұйымдары	толымдылығы 30%-дан артық емес	жобада жоқ
57.	Түнгі және ойын клубтары, Үй-жайдағы ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар (той, мерей-той, ас беруді өткізу)	-	жобада жоқ
58.	Уй-жайдағы ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар (той, мерей-той, ас беруді өткізу)	-	жобада жоқ

59. <u>Ашык ауада букаралык іс-шаралар өткізу (спорттык, діни шаралар және т.б.)</u>	<u>санитариялык талаптарды сактай отырып (спорттык, діни шаралар және т. б.) 100 адамнан артык емес;</u>	жобада жок
--	--	------------

«+» - кызметке ружсаат егіледі; «-» - кызметке тыйым салынады.